

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы МКҚК

№3 «Аққу» ересек тобы

«Республикам -мақтанышым!» ертеңгілігі

Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж.

Тәрбиеші: Айжарықова Р. Е.

2025-2026 оқу жылы



Республикам –мақтанышым!

Жүргізуші: Армысыздар ,құрметті ата-аналар мен қонақтар! Бүгін біз тамаша мерекені –Қазақстан Республикасының күніне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз!

Балалар саппен кіреді. (әуенмен)



Жүргізуші: Балалар біздің еліміз –тәуелсіз ,байтақ Қазақстан!
Ендеше, бәріміз бірге орынымыздан тұрып Қазақстан
Республикасының Әнұранын орындайық.

Жүргізуші : Көк туым көтерілді бағым жанып,

Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.

Шырқадым әнұранды бар дауыспен,

Арманым –Ата заңым қабылданды.

Би: Аса таяқ.

Таңғажайып сәт. Ой балалалар қараңдаршы бізге қонақ қонақ келе жатыр.

Почташы: Сәлеметсіздер ме, балалар, сәлеметсіз бе, тәрбиеші апай!



Жүргізушісі: Саламатсызба.

Почташы: Мен ауылдың почташысымын. Балалар сендерге хат келді, соны апайларыңа тапсырып ары қарай хаттарымды таратайын. Сау –болындар балалар.

Жүргізуші: Рахмет почташы аға!

Жүргізуші: Балалар кәне хатты ашып көрейік. Хатта жазылыпты 25-қазан қандай мереке күні? Республика күніне байланысты мен сендерге суреттер жібердім, сол суреттерді құрастырып көріңдер депті.

Дидатикалық ойын «Мемлекеттік рәміздерді құрастыр»

Сұрақ-жауап және түсінік беру.

-Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыздар?

-Қазақстан мемлетінде тұрамыз.

-Қазақстан мемлекетінің приздентті кім?

-Қасым-Жомарт Кемелұлы.

-Қазақстан мемлекеттінің астанасы қай қала?

-Астана.

-Сендер қай қалада тұрасыздар?

-Қандыағаш қаласы.



Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар сұрақтарға дұрыс жауап бердіңіздер. Балалар бүгін бізде ерекше күн ,біз бүгін барлық әндерімізді, тақпақтарымызды Отанымызға арнаймыз,өйткені 25-қазан Республика күні болып тойланады.Ендеше тақпақтарымызға кезек берейік.

Әмина.

Республикам жасай бер,

Атар таңын бақ сыйлап.

Тәуелсіз ел жасай бер,

Қуанышты күн сыйлап.

Ербатыр.

Мен бақытты баламын,

Айтқан тілді аламын.

Республика күнінде

Жұлдыз болып жанамын.

Айша

Республика бақытым,

Елге сенім беретін.

Құтты болсын мереке,

Әр жыл сайын келетін.

К. Алихан

Құтты болсын бүгінгі,

Республика күні бұл.

Әр қазақтың лүпілдер,

Жүрегінің үні бұл.

С.Әмина

Балалармыз бақытты
Мерекені тойлайтын.
Республика күнінде
Бар жақсыны ойлайтын.

Адина

Құтты болсын мереке
Республика күні бұл.
Қазақ аты танылсын
Шырқалып ән жыр болып.

Ақмарал

Соғып тұрар жүрегім
Республикам жасай бер.
Мықты болсын тірегін.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар ,ендеше бізде елімізге арнап
өлең айтайық.



Ән : Егемен ел Қазақстан.

Сахнаға әже шығады.



Әже

Айналайын, құлыным , амансындарма кішкентай жүректерім ,бүгінгі Республика күні құтты болсын! Бұрын еліміз тәуелсіз болмай тұрғанда ,көп қиындық көрген Ал қазір шүкір , өз туымыз бар, өз тіліміз бар,өз Елбасымыз бар .Ендеше осындай бақытты күніміз көп болсын! (Шашу қонақтарға)

Жүргізуші: Керемет ! Әже төрлетіңіз біздің балаларымыздың биін қарсы алыңыздар.

Би. Дермен.



Жүргізуші: Балалар ,біз бүгін Республика күнін тойлап жатырмыз! Бұл –біздің Отанымыздың ең қастерлі мерекесі. Енді бәріміз мерекені көңілді ойындармен жалғастырайық!

Ойын : «Туды жеткіз»



Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Ендеше, еліміздің нағыз қорғаны болар ұлдарымыз өз өнерін көрсетсін.

Би: Асық.

Әже: Жарайсындар балақайларым! Сендер сияқты елін сүйген ұрпақ барда ,Қазақ елі мәңгі жасайды! Балалар енді мен үйіме қайтайын сау болындар.

Жүргізуші: Міне,балалар ,біз өз еліміз –Қазақстанның азаматы екенімізді мақтан етеміз! Бүгінгі Республика күні әр жүректе мәңгілік мақтаныш болып қалсын.Еліміз аман,аспанымыз ашық болсын!

Тәуелсіз елім, жасай бер.

«Аққу» тобының ертенгілігі аяқталды келесі кездескенше сау болыңыздар!

